

В 2013 году планируется построить и открыть движение на 806 километрах дороги по коридору «Западная Европа–Западный Китай». В результате проведенных строительных работ мегапроекта «Западная Европа –Западный Китай» завершено строительство 700 километров дороги, для чего были привлечены 35 тысяч человек и 4 тысячи единиц техники. В 2013 году планируется построить и открыть движение на 806 километрах дороги. Кроме того, предусмотрены дорожно–строительные работы на 548 километрах новых участков. [12]

Сегодня Казахстан имеет хорошие шансы стать крупным межрегиональным транзитным центром, который заинтересован в создании и функционировании комплексного евразийского трансконтинентального моста.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. [http://mugalim.info/load/1/1/transport\\_i\\_svjaz\\_kazakhstanana/423-1-0-2166](http://mugalim.info/load/1/1/transport_i_svjaz_kazakhstanana/423-1-0-2166)
2. "Великий Шёлковый путь. Страницы из истории Шёлкового пути". <http://www.europe-china.kz/>
3. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана "Социально–экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». Январь 2012 года
4. Экономические и социальные эффекты от реализации проекта. <http://www.europe-china.kz/>
5. Новый путь в Европу – от мечты к реальности. Трансконтинентальный коридор «Западная Европа – Западный Китай» – новый путь в Европу: от мечты к реальности». <http://www.europe-china.kz/>
6. Видеоролик о проекте «Западная Европа – Западный Китай»
7. Карта проекта, слайды, схемы, модели <http://www.europe-china.kz/>
8. БРЮССЕЛЬ. 28 июня. КАЗИНФОРМ /ДимашСыздыков/ – Европейский союз положительно оценивает текущий процесс строительства международного транспортного коридора «Западная Европа – Западный Китай».
9. Специальные выпуски телевизионных программ> Как строится автомагистраль "Западная Европа – Западный Китай" (видео)
10. Газета «Литер». Шелковый путь.21/10/2011 г.
11. Торговый оазис Шелкового пути. <http://www.mcps-khorgos.kz/kz/node/506>
12. Казинформ. В 2013 году планируется открыть движение на 806 километрах дороги по коридору «Западная Европа–Западный Китай» – МТК РК. 01/04/2013 г.

**Қазақстандағы білім беруде дәстүрлі оқыту формасын озық үлгілерімен сабақтастыра оқыту**

*Автор: Арғынбайқызы Т.А., география 3 курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: Ахметчина Т.А. биология магистрі, биология және география кафедрасының оқытушысы*

*Қосатнай мемлекеттік педагогикалық институты*

Біздің қазіргі күнімізде оқытудың әртүрлі оқыту әдістері қолданылады. Әр оқытушы оқыту барысында өзіндік ерекшелігімен өткізеді. Уақыт өткен сайын біздің оқыту бағдарламалық кешеніміз жаңарып өзгеріп отырады, бірақ та ол толығымен өзгеріп кетеді деп айтуға болмайды, себебі оқытудың өзіндік дәстүрі тек қана жаңаша түрде жаңғырып заманауи түрде ұсынылады. Қазақстан Республикасының 2005–2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында орта білім берудің мақсаталған білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларында еркін бағдарлай алатын, өзінің білімін іске асыруға, адамгершілік тұрғыдан өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру екендігі көрсетілген. Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, үнемі өзгеріп отырады. Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мемлекеттің күшеюі мен ұлттың гүлденуі дарындыларға, таланттыларға тәуелді екені белгілі. Дарындылар тәлім–тәрбиенің алдыңғы шебінде жүрген оқытушылар алдынан шығатыны сөзсіз. Осы бағытта география сабағында оқушылардың инновациялық технологиялар арқылы ойлау–шығармашылық белсенділігін пәнге қызығушылығын арттыруға көңіл бөледі.

Жалпы білім беретін мектептің мақсаты – жас ұрпақтағы ұлттық игіліктер мен адамзат мұрасының сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу және әрбір шәкіртті тұлға деп санап, оның жан–жақты дамуына мүмкіндік жасау болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру барлық ұстаздарға, соның ішінде биология пәнінің мұғалімдеріне де үлкен міндет жүктейді. Себебі, география сабағында оқушы санасының туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты енгізу, оның тілі мен тарихы, еліміздің табиғаты, байлығы, экономикалық дамуы, табиғатты қорғау туралы білім беру мүмкіндігі мол.

Оқылатын пәннің мазмұны ерекшелігімен, оқушылардың жұмыс уақыты, орны, жас ерекшеліктеріне қарай оқытуды ұйымдастыру түрін таңдауды анықтайды. Оқыту формасын ұйымдастыру түрі әр түрлі және екі топқа бөлінеді: сабақ және сабақтан тыс оқыту. Оқытуды ұйымдастыру формасының әртүрлі болғанына қарамай, оқу процесін ұйымдастыру формасы ең бастысы – сабақ. Ол барлық түрлер арасында нағыз ортасы болып қалады.

Қазіргі заман мұғалімі қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беруді көздейтін, жаңалыққа сергек өз ісіне гуманистік сезіммен қарайтын, педагогикалық құбылыстардың барысын идеялық адамгершілік тұрғыдан шеше алатын, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, балалардың талабы мен қабілетін, өздігінен еркін дамуын

ұйымдастыра алатын және ата–аналармен, ұжыммен педпгогикалық еңбек етіп, білікті маман болу керек.

Қазіргі заманғы сабақтың дәстүрлі сабақтан қандай айырмашылығы бар?

Ең алдымен сабақтың мақсаты әр–түрлі көрсеткішке қызмет көрсетеді, оны дұрыс құрып, әр сабаққа мұғалімнің дайындығымен басталады. Қазіргі дидактика географияны оқыту әдістемесіне сүйенеді, сонымен қатар мынандай міндеттерге бөлінеді: білімді меңгеру, қабілеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттілікке тәрбиелеу, эмоционалдық қатынасты сол құндылыққа жетуіне байланыстыру. Бұл міндеттердің барлығы да әдіс, тәсілдер арқылы алда тұрған бөлімдердегі тақырыптардың мақсаттарына жетістікке жетуіне мүмкіндік туғызады. Дәстүрлі сабақтың мақсаты оқушылардың білімі мен қабілеттілігін меңгеруімен байланысты оқыту барысында жүзеге асырылады. Ал қазіргі заманғы сабақтың мақсаты – білім беруде барлық компоненттерді пайдаланып оқушының жеке тұлғасын жетілдіру және дамыту.

Мұғалімдік мамандықтың жан–жақты білімді, шынайы сезімтал болуды, балаларға деген сүйіспеншілікті қажет етеді. Әр күн сайын балаларға шексіз қуаныш әкелгенде ғана оларды ғылымға ынталандыруға, еңбекке баулуға, адамгершілік негіздерін сіңіруге болады. Мұғалімнің қызметте өскелең ұрпақтың мәңгі өзгермелі қарама–қайшылығы мол жан дүниесіне ене білуде мұғалім мамандығын мәңгілік деп атайды. Адам өзі өмір сүргеннен бері әрдайым оқып білуге өз тәжірибесін жас ұрпаққа таратуға – өмір тәжірибесін саналы мақсаткерлік тұрғыда меңгеруге талпынды. Жастар тәлімгері әдетте, біршама көп білетін, әрі құрметті адамдар болды. Олар атқаратын істің маңыздылығы және таңдаулы мұғалімдердің беделі мұғалімдік мамандыққа айрықша ілтипат білдіреді. Осыдан 300 жыл бұрын өмір сүрген, ғылыми педагогиканың негізін қалаушы славяндық ұлы педагог Ян Амос Коменский мұғалімдерге "Ең тамаша міндет жүктелген, күн астында одан жоғары тұрған еш нәрсе жоқ" деп жазды. Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский мұғалім мамандығын былайша бағалады "Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен тарихтағы ең ұлы істің бірі." Географияны оқыту әдістемесі болашақ мұғалімдерді географияны оқыту теориясымен қаруландырып, іс жүзінде күнделікті туындап отыратын жеке әдістемелік мәселелерді ғылыми тұрғыдан шеше білуге әзірлейді. Географияны оқыту әдістемесі педогогикалық ғылым әрі оқу пәні. Демек, географияны оқыту әдістемесі мектептің география курсынадағы заңдылықтарды оқушыларға үйрету жолдарын түсіндіру тәсілдерін зерттейтін педогогикалық ғылым деп түсінуіміз керек. Оған оқу үрдісін ұйымдастыру, оқушылардың танымдық іс–әрекетіне басшылық сарамандық дағдылар мен іскерлік қалыптастыру, шығармашылық қабілеттер мен ғылыми дүниетанымдық көзқарастарды дамыту жатады. Келесі мәселе – "қалай оқиды?" – деген сұрақтардың жауабына келсек, ол оқушылардың іс–әрекеті бойынша анықталады. Географияны оқыту әдістемесі мұғалімнің оқу материалын оқытуы мен

оқушылардың географиялық білімді саналы меңгеруін, алған білімдерін іс жүзінде қолдану ерекшеліктерін және дағдыларын дамыту әдістері мен құралдарын айқындап береді. Географияны оқыту әдістемесі әрі ғылым, әрі оқу пәні ретінде оқытудың мазмұнын, оқыту әдістерін тәрбие жұмысымен тығыз бірлікте, өзара байланыста зерттейді. Оқытудың заңдылықтарын ашумен қатар, оқытудың мазмұн–мақсатын, әдістерін, оқыту формалары мен құралдарын, оқытушы мен оқушының іс–әрекетін бір–бірінен ажыратпай біртұтас қарастырады. Географияны оқыту әдістемесінің зерттейтін объектісі – сол пәнді оқыту әрекеті. Оқыту, педогогика, дидактика және әдістеме ғылымы тұрғысынан түсінуге болатын күрделі әрекет болып табылады. Педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда оқыту дегеніміз – жасөспірімнің бойына ұжымдық тәжірибені сіңіру. Дидактикалық жағынан алғанда, оқыту білім берудің мазмұнын жасөспірімге жеткізу ісіндегі сабақ беру (мұғалімнің қызметі) мен оқудың (оқушының танымдық әрекеті) бірлігі. Ал әдістемелік тұрғыдан алғанда оқыту нақтылы оқу пәнінің материалын жасөспірімге жеткізу ісіндегі сабақ беру мен оқудың бірлігі.

Барлық жеке пәндерді оқыту, олардың ішінде географияны оқыту әдістемесі дидактиканың ашқан жаңалықтарына сүйенеді, оларды өзінің әдістемелік негізі ретінде пайдаланады. Жалпы педогогикалық және дидактикалық заңдылықтарға сүйеніп географияны оқыту әдістемесі орта мектептегі география пәнінің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды. Соларға сәйкес мектептегі география курсының мазмұны таңдап алынады. Ол мазмұн бағдарламаларда, оқулықтар мен оқу құралдарында баяндалады. Әдістемені зерттейтін тағы бір мәселесі – оқытудың ұйымдастыру формаларын және әдістерін жетілдіру, мектеп алдына қойылған жаңа талаптарға сәйкестендіру. Бұлар мұғалім мен оқушы еңбегінің арасындағы қатынасты, оқушының ерекшелігін, дәйектілігін және белсенділігін арттыру жағына қарай бағыттап отыр. Әдістеме географияны оқытудың нәтижесін, оқушылардың білім сапасына, тәрбиесі мен адами тұлғасына тигізетін әсерін зерттейді. Оқушылардың географиялық білімді игерудегі таным әрекетінің ерекшеліктерін және оны іске жұмылдыру жолдарын іздестіреді.

Географиядан алынған нақтылы білімді басқа жаратылыстану ғылымдарынан берілген біліммен ұштастыру нәтижесінде табиғаттың жалпы ғылыми бейнесі пайда болады. Дәлірек айтқанда, табиғаттың географиялық бейнесі дегеніміз – географиялық жалпы білімінің қоғамдық пәндерден алған біліммен бірігуі, біртұтас ой–пікірге, сенімге айналуы. Ғылыми білімді сатылап қорытындылаудың нәтижесінде оқушыларда ғылыми көзқарас идеяларының мынадай жүйесі қалыптасуы тиіс: дүниенің материялығы және бірлігі, материяның шексіздігі мен мәңгілігі, құбылыстардың өзара шарттастығы, қозғалыс–материяның тіршілік тәсілі, материя қозғалыстары түрлерінің байланыстылығы: таным–объективті дүниенің адам санасында бейнелеуі екені, дүниені танып білуге болатыны, танымның шексіздігі. Ғылым айналамыздағы ақиқат дүниені түсіндіріп қана қоймайды, оны адамның игілігіне сай өзгертіп, өндіруші күшке айналдырады. Географиядан

орта білім берудің бірінші міндеті – географияны жаратылыстану ғылымдарының арасындағы алатын орнын көрсету. Географияның жаратылыстану пәндерінің бірі ретіндегі міндеті оқушыларда қоғам, табиғат және олардағы адамның орны туралы ғылыми көзқарас қалыптастыру екені айтылды. Географиядан сабақ беру әдісі көбінесе дәстүрлі түрде оқушылардың ақыл–ойының дамуы мен оқытудың өзара байланысы туралы мәселелермен шұғылданады, өйткені оқушылардың рухани жетілуін арнайы зерттейтін жантанулық әдістеме бар. Сабақ беру әдістемесінде оқушыларға оқулықта берілген материалды мұғалімнің қызықты да тартымды етіп өткізе білуі оқу–тәрбие мәселесіндегі маңызды зор тиімді шарт. Әрбір оқу пәнінің өзінің арнайы ерекшеліктері және оны оқыту процесінде белгілі бір көрнекілікті пайдалану, зертханалық жұмыстар, оқулықтағы материалмен қамтамасыздандыру қызметімен орындалады. Мектептің оқу–материал базасын, яғни, көрнекілікті жинақтап қою ғана емес, құрал–жабдықтарды оқыту жүйесін нығайтуды талап етеді. Оқыту құралдарын құруда мынаны ескерту қажет, оқыту үрдісінің тиімділігін арттыру оқушылардың ойлау, таным белсенділіктерін дамытуға мүмкіндік беретін әдіс тәсілдерін орынды пайдалана білу.

Оқыту қызметінің мақсаты бір ғана міндетті нәтижеге жету емес, ол әрбір оқушының іскерлігі мен мүмкіндігін дамытуға жағдай жасау. Оқуға қызықтырудың басты элементтерінің бірі нәтижеге жетуге ынталандыру. Географияны оқытудағы дәстүрлі форма ол әрине оқушылардың дамуы және де олардың танымдық белсенділіктерін арттыру болып табылады. Географияны оқытуда бізде өзгермеген тағы бір дәстүр ол мұғалімнің әрбір сабақты қызықты қылып өткізуге тырысуы болып табылады. Жаңа заман жағдайында география игеру оқушылардың терең де сапалы білім алу және оларды тәжірибеде қолдану қабілетін ғылыми және экономикалық–техникалық дамуының талаптарына жауап беруі тиіс. Оқушыларды жан жақты дамыту, ақыл ойын, танымдық қызығушылығын қалыптастыру, еңбекке дайындау үшін белгілі типтегі мектепте оқытылатын білім мен біліктер жүйесі. Оқыту процесін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Оқыту әдістерінің тиімділігін арттыру, оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін меңгеру қажеттілігі педагогикалық зерттеуде маңызды болып отыр. Оқытудың нәтижелі өтуіне негіз болатын түпқазық мақсаттың жүзеге асуы. Қазіргі кезде халыққа білім беру саласын қайта құру оқушылардың дербестігін арттыруды, алған білімін өздігінен және шығармашылық тұрғыда қолдана білуге үйретуді қажет етіп отыр. Сонымен қатар жаңашыл мұғалімдерге тән нәрсе олардың жекелеген методикалық әдіс тәсілдерімен эксперимент жасауы емес, қайта олардың толық және жеткілікті түрде, бірізділікпен, белгілі бір методикалық жүйемен жүргізуінде. Республикамызда білім берудің бүкіл жүйесін қайта құруда басты тұлға мұғалім тәрбиеші екеніне жауапкершілікпен қарап кәсіби шеберлігімен, белсенді идеялық позициясымен, ізденістерімен үлес қосу керек. Сондықтан Оқыту жеке адамның білімін, танымдық және шығармашылық қабілетін

дамытудың маңызды құралы. Мектепте оқытуды ұйымдастыруда әр түрлі формалар бар. Соңғы кезде кеңінен жаңа технологияға байланысты информациялық технология қолданылуда.

Географиялық карта, пайдалы қазба үлгілері, атлас, т.б. мен қатар мультимедия, интерактивтік тақта, компьютер география кабинеттерінде сабақ беру процесінде кеңінен пайдаланылуда. Сабақты ұйымдастыру ондағы көріністерді орынды қолдануда мынадай нәтижелерді қорытындыладық:

– Сабақтың мақсаты айқын, мазмұны, жоспары және оның құрылымы алдын ала белгілі болу тиіс.

– Сабақ оқыту принциптерінің ережелері мен талаптарына сәйкес болуы қажет.

– Сабақтың ғылыми мазмұны оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай ұғынымды, түсінікті болуы керек. Сондай ақ сабақта оқушылардың бойында біліктер мен дағдыларды қалыптастыру міндеті жүзеге асырылуы тиіс.

– Сабақтың мазмұны оқытатын пәннің бағдарламасына сәйкес болуы және әрбір сабақ басқа сабақтар жүйесінің буыны болуы міндетті нәрсе.

– Сабақта оқушылардың білімге ынтасы мен қызығуын арттыру үшін сабақтың құрылымы мен әдістерін түрлендіріп, көрнекті және техникалық құралдарды, түрлі ойындарды тиімді қолдану керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қоянбаев Ж.Б –Педагогика. Алматы: «Рауан», 2000–б 126.
2. Қоянбаев Ж.Б –Педагогика. Алматы: «Рауан», 2000–б 103–112.
3. Душина И.В –Методика технология обучения география в школе: Мектеп. Высшая школа, 2004–б 98–107.

#### **Влияние инвестиции на экономическую и социальную жизнь на примере Федоровского района**

*Авторы: Молдабекова Р. Б., Сидельник Г.А., студенты специальности «география»*

*Научный руководитель: Баубекова Г.К., старший преподаватель  
Костанайский государственный педагогический институт*

Развитию экономики любой страны способствует эффективная инвестиционная деятельность всех субъектов хозяйствования, поскольку в любых условиях она создает материальную базу общества и способствует улучшению благосостояния населения.

Взаимоотношения субъектов хозяйствования в рыночных условиях должны руководствоваться инвестиционной стратегией государств в отраслях промышленного и сельскохозяйственного производства, энергетики, транспорте, производственной и социальной инфраструктуре.[1]